

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы Бақылау өлшеудіш куралдары	46- 55 беттің 1 беті

БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Пән бойынша тәжірибелік дағдылардың тізімі

- ББ атауы: 6B10117 «Стоматология»
- Модульдің коды: GT 1204
- Модульдің атауы: «Гендер және тұқымқуалаушылық»
- Пәннің атауы: Медициналық генетика
- Оқу сағаттарының саны/кредиттер: 120 сағат/4 кредит
- Оқу курсы мен семестрі: 1/1

Құрастырган:  аға оқытушы Дәріпбек А.Ж.
 аға оқытушы Алипбаева Г.С.

Кафедра менгерушісі, м.ғ.к., профессор М. М. Е Еспекепов М.М.

Хаттама № 13 Күні 30.05.2011.

ОНДҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы	46-
Бақылау өлшеуіш күралдары	55 беттің 2 беті

1. Тақырып: Медициналық генетика негіздері

1) Аутосомды-доминантты тұқым қуалау типі.

Өте жиі кездесетін неке типі: ♀Aa x ♂aa. Мұндай тұқым қуалау типіндегі шежіренің сипаты қандай болады.

- 1)
- 2)
- 3)
- 4)
- 5)

2) Аутосомды-рецессивті тұқым қуалау типі.

Өте жиі кездесетін неке типі: ♀Aa x ♂Aa. Сирек кездесетіні: ♀Aa x ♂aa.

Аутосомды рецессивті тұқым қуалау типінің негізгі белгілері қандай болады.

- 1)
- 2)
- 3)
- 4)
- 5)
- 6)

3) X-доминантты тұқым қуалау типі

Мұндай тұқым қуалау типіне тән белгілер:

- 1)
- 2)
- 3)
- 4)
- 5)
- 6)

4) X-рецессивті тұқым қуалау типі

Мұндай тұқым қуалау типтің негізгі белгілері:

- 1)
- 2)
- 3)
- 4)
- 5)
- 6)

5) Y- тіркескен тұқым қуалау

Мұндай тұқым қуалау типтің негізгі белгілері:

- 1)
- 2)

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы	46-
Бақылау өлшеуіш күралдары	55 беттің 3 беті

3)
4)
5)

2.Шежіре құрастыру

Төмендегі берілген есеп шарттары бойынша шежіре құрастырыныздар.

1. Пробанд – онқай әйел. Оның екі әпкесі – онқай, екі ағасы – солақай. Анасы - онқай. Оның екі ағасы және екі сіңлісі бар, барлығы онқай. Атасы мен әжесі - онқай. Пробандтың әкесі - солақай, оның әпкесі мен ағасы - солақай, басқа екі інісі мен мен қарындасы - онқай.
2. Алты саусақты апалы-сіңлілер Маргарет және Мэри қалыпты ер адамдарға тұрмысқа шықты. Маргарет жанұясында бес бала болды: Джеймс, Сузанна және Дэвид – алты саусақты, Элла және Ричард – бес саусақты. Меридің жанұясындағы жалғыз қызы Джейннің қолы қалыпты. Джеймстың қалыпты әйелмен бірінші некесінен алты саусақты қызы Сара туылды, қалыпты әйелге үйленген екінші некеден, оның алты баласы болған: бір қызы және екі баласы – бес саусақты, екі қызы және бір баласы – алты саусақты. Элла қалыпты ер адамға тұрмысқа шықты. Олардың екі ер баласы мен төрт қызы бес саусақты. Дэвид қалыпты әйелге үйленді. Олардың жалғыз ұлы Чарльз алты саусақты болып шықты. Ричард өзінің немере қарындасы Джейнге үйленді. Олардың екі қызы мен үш ұлы – бес саусақты.
3. Немерелік сибстар – сау ерлі-зайыптылардың ауру баласы бар. Күйеуінің анасы және әйелінің екі сіңлісі сау. Ерлі-зайыптылардың бірегей (жалпы) көкесі сау. Олардың бірегей әжесі сау, ал атасы диабетпен ауырады. Күйеуінің әке жағындағы туыстарының барлығы: екі көкесі, немере әпкесі, атасы мен әжесі – сау.
4. Пробандтың бойы қалыпты, ал оның қарындасы хондродистрофиямен ауырады (дене пропорциясының бұзылыстарын қамтамасыз ететін түқым қуалайтын ергежейлілік). Пробандтың анасы сау, әкесі - ауру. Пробандтың әке жағынан екі сау апасы, хондродистрофиямен ауыратын бір апасы және екі көкесі бар. Хондродистрофиямен ауыратын апасы, сау ер адамға күйеуге шыққан, ергежейлі ұлы бар. Сау апасының сау күйеуінен, сау екі ұлы және екі қызы бар. Ергежейлі көкесі сау әйелге үйленген. Оның екі қалыпты қызы және ергежейлі ұлы бар. Әке жағынан атасы - ергежейлі, әжесі - сау.
5. Пробанд гемофилиямен ауырады. Оның анасы мен әкесінің қаны қалыпты үйиды. Нагашы атасы гемофилиямен ауырады, ал әжесі сау. Пробандтың балалары: екі қызы мен бір ұлының қаны қалыпты үйиды, басқа ұлы гемофилиямен ауырады. Әкесінің жанұясында гемофилиямен ауыратындар жоқ.


ОНДҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы	46-
Бақылау өлшеуіш куралдары	55 беттің 4 беті

3.Шежірені талдау


Шежіре құрастырылып болғаннан кейін келесі сұрақтарға жауап беріндер.

1. берілген белгі немесе ауру тұқым қуалайды ма, әлде жоқ па;
2. тұқым қуалаудың типі қандай, ауру – аталық немесе аналық – жолмен беріледі ме;
3. пробанд және оның туыстарының генотипі қандай;
4. жанұяда ауру баланың туылу мүмкіншілігі қандай;

А) Шежіреге талдау жүргізініздер. Белгінің тұқым қуалау типін, III, 4 – 5 ерлі зайыптылардың генотипін, осы жанұяда ауру баланың туылу мүмкіншілігін анықтаңдар.




Б) Суретте көрсетілген шежіреге талдау жүргізініздер.




Белгінің тұқым қуалау типін анықтаңыздар. III, 3 – 4 жанұясында сау баланың туылу мүмкіншілігі неге тең (вертикальды және горизонтальды штрихтермен әртүрлі аурулар белгіленген)?

В) Суретте көрсетілген шежіреге талдау жүргізініздер. Белгінің тұқым қуалау типін анықтаңыздар. Егер, - III, 9 ер адам, генотипі өзінің анасының генотипіндегі әйелге үйленсе жанұяда сау баланың туылу мүмкіншілігі неге тең?




ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы	46-
Бақылау өлшеуіш куралдары	55 беттің 5 беті

Г) Суретте көрсетілген шежіреге талдау жүргізіздер.




Белгінің тұқым қуалау типін анықтаңыздар. Пробанд жанұясында сау баланың туылу мүмкіншілігі неге тең, егер ол, генотипі өзінің туған қарындасының генотипіндегі әйелге үйленсе?

Д) Суретте көрсетілген шежіреге талдау жүргізіздер. Белгінің тұқым қуалау типін анықтаңыздар. Егер, - II, 2 ер адам, генотипі өзінің анасының генотипіндегі әйелге үйленсе жанұяда сау баланың туылу мүмкіншілігі неге тең?



- 1.
- 2.
- 3.
- 4.

Е) Суретте көрсетілген шежіреге талдау жүргізіздер.



Белгінің тұқым қуалау типін анықтаңыздар. Пробанд жанұясында сау баланың туылу мүмкіншілігі неге тең, егер ол, осы белгі бойынша генотипі гетерозиготалы әйелге үйленсе?

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы Бақылау өлшеуіш күралдары	46- 55 беттің 6 беті

2 Тақырып. Жалпы генетика негіздері

1.2 ӨЗ БЕТІНШЕ ШЕШУГЕ АРНАЛҒАН ЕСЕПТЕР

1. Ата-аналары қара көзді, өзі көк көзді ер адам, әкесі көк көзді, анасы қара көзді болған, ал өзі қара көзді әйелге үйленді. Қара көздің гені көк көздің геніне қарағанда доминантты болған жағдайда, бұл некеден қандай ұрпақ қутуге болады?
2. Синдактилия (саусактардың астасуы) аутосомды доминантты белгі ретінде тұқым қуалайды. Талдаушы белгі бойынша ата-аналарының біреуі гетерозиготалы, ал екіншісінің саусақтары қалыпты жанұяда саусақтары астасқан балалардың туылу мүмкіншілігін анықтаңдар?
3. Оңқайлық белгі солақайлыққа қарағанда доминантты. Анасы солақай, өзі оңқай ер адам, оңқай әйелге үйленді. Әйелдің үш ағасы мен бір қарындасы бар, олардың екеуінің қолдары солақай болған.
- Әйел генотипін және осы некеден туылатын балалардың солақай болып туылу мүмкіншілігін анықтаңдар?
4. Адамдағы полидактилия гені (алты саусақтық) қалыпты қолға қарағанда доминантты.
- а) ата-аналарының екеуі де гетерозиготалы болған жағдайда, жанұяда алты саусақты балалардың туылу мүмкіншілігін анықтаңдар?
- б) ата-аналарының біреуінің қолы қалыпты, ал екіншісі алты саусақты жанұяда, қолы қалыпты бала туылды. Келесі баланың ақаусыз туылу мүмкін-шілігі қандай?
5. Вильсон ауруы (мыстың алмасуының бұзылуы) рецессивті тұқым қуалайтын белгі. Ата-аналарының біреуі талдаушы белгі бойынша ауру, ал екіншісінің өзі де, ата-анасы да, аға, іні, қарындастары да сау жанұяда, ауру балалардың туылу мүмкіншілігі қандай?

1.4 ӨЗ БЕТІНШЕ ШЕШУГЕ АРНАЛҒАН ЕСЕПТЕР

20. Адамда қара көздің гені көк көзге қарағанда доминантты, оңқай солақайға қарағанда доминантты. Екі жұп гендер әртүрлі хромосомаларда орналасқан.
- а) Егер де ата-аналары гетерозиготалы болса, олардың балалары қандай болады?
- б) Солақай, көздің түсі бойынша гетерозиготалы әке мен көк көзді, қолдың белгісі бойынша гетерозиготалы анадан қандай балалар туылады?
- в) Көк көзді оңқай, қара көзді оңқайға үйленді. Олардан екі бала дүниеге келді: қара көзді солақай және көк көзді оңқай. Бұл жанұяда көк көзді солақай балалардың туылу мүмкіншілігін анықтаңдар?
21. Адамда жақыннан көрудің кейбір түрлері қалыпты көруге қарағанда доминантты, ал қара көздің гені көзге қарағанда доминантты.
1. Ата-аналары гетерозиготалы болған жағдайда балалары қандай болады?
2. Гетерозиготалы ер адам мен көк көзді қалыпты көретін әйел некесінен қандай ұрпақ қутуге болады?
- **22. Фенилкетонурия және сирек кездесетін агаммаглобулинемияның швейцариялық типі (әдетте алта айлық жасқа дейін өлімге душар етеді) аутосомды рецессивті белгі түрінде тұқым қуалайды. Заманауи медицина жетіс-тіктері, фенилаланиннің алмасуының бұзылуының ауыр салдарынан құтылу-ға мүмкіндік береді.
1. Ата-аналарының екеуі де, екі жұп патологиялық гендер бойынша гетерозиготалы жанұяда, сау балалардың туылу мүмкіншілігі қандай?

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы	46-
Бақылау өлшеуіш куралдары	55 беттің 7 беті

2. Ата-аналарының екеуі де екі жұп белгі бойынша гетерозиготалы жанұяда, фенилкетонуриямен ауру балалардың туылу мүмкіншілігі және жаңадан туылғандарды аурудан құтқарудың үміті қандай?

*23. Фруктозурияның екі түрі бар. Бір түрі клиникалық айқын симптомсыз өтеді, екіншісі ақыл-ой мен физикалық дамуды тежейді. Екеуі де рецессивті, бір-бірімен тіркеспеген (яғни, әртүрлі жұп хромосомаларда орналасқан) белгі түрінде тұқым қуалайды. Ерлі зайдылардың біреуінің зәрінде фруктозаның жоғары концентрациясы бар, яғни, клиникалық білінбейтін фруктозория бойынша гомозиготалы, бірақ, аурудың екінші түрімен гетерозиготалы. Екінші жұбайы фруктозурияның екінші түрінен дер кезінде жемісті ем қабылдаған, бірақ, симптомсыз түрінен гетерозиготалы.

Бұл жанұяда фруктозурияның клиникалық айқын білінетін түрінен қиналатын балалардың туылу мүмкіншілігі қандай?

24. Адамда керен-мылқаулықтың екі түрі кездеседі, олар тіркеспеген аутосомды рецессивті гендер арқылы анықталады. Бұл гендердің белгілері әртүрлі жұп хромосомаларда орналасқан.

a) Ата-аналарының екеуі керен-мылқаулықтың бір түрімен ауыратын, ал екінші түрімен гетерозиготалы болатын жанұяда, сау балалардың туылу мүмкіншілігін анықтаңдар?

б) Ата-аналарының екеуі керен-мылқаулықтың әр түрімен ауыратын, ал екінші түрімен гетерозиготалы болатын жанұяда сау балалардың туылу мүмкіншілігін анықтаңдар?

25. Ересектердегі глаукома бірнеше жолдармен тұқым қуалайды. Бір түрі аутосомды доминантты генмен, екіншісі аутосомды рецессивті алғашқымен тіркеспеген қуйінде.

1. Егер ата-аналарының екеуі де екі жұп патологиялық генмен гетеро-зиготалы болған жағдайда, балаларының аномалиямен туылу мүмкіншілігі қандай?

2. Ата-аналарының біреуі екі жұп патологиялық генмен гетерозигота-лы, ал екіншісінің көзі қалыпты және екі жұп ген бойынша гомозиготалы жанұяда, ауру балалардың туылу мүмкіншілігі қандай?

3 Тақырып. Жалпы генетика негіздері. Тіркес тұқым қуалау

1 Жыныспен тіркескен тұқым қуалау.

Мысалы: 10 типтік есеп. Тұсті ажыратпаудың гені (далтонизм гені) Хромосома-да орналасқан. Әкесі тұсті ажырата алмайтын, бірақ өзінің көзі қалыпты әйел-дің жанұясында, дальтоник балалардың туылу мүмкіншілігін анықтаңдар. Жұбайының жанұясында дальтонизм байқалмаған.

10 типтік есептің шешімі. Есеп шартында белгінің X-хромосомамен тіркес екендігі тікелей көрсетілген. Ендеше, бұл есеп – жыныспен тіркескен тұқым қуалауға арналған. Талдау бір ғана белгі бойынша жүргізіледі. Тұсті ажырата алмау гені (далтонизм) қалыпты көру геніне қарағанда рецессивті екендігі белгілі. Есеп шартын жазамыз:

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы Бақылау өлшеуіш күралдары	46- 55 беттің 8 беті

Берілгені:	Ген
қалыпты көру	X^D
дальтонизм	X^d

$\text{♀} - \text{сая}$, $\text{♂} - \text{сая}$ ♂♀ (әйелдің әкесі) - дальтоник ♂ - жануясында барлығы сая F₁ – дальтониктердің туылу мүмкіншілігі?	
---	--

Бұл есепте әке-шешесінің генотиптерін жазбастан бұрын, атасы мен әжесінің генотиптерін анықтап алу қажет. Әке жағынан атасы сая болса, онда оның генотипінде Xхромосомамен тіркескен **D** генінің доминантты аллелі болуы керек. Шеше жағындағы атасында Xхромосомамен тіркескен **d** генінің рецессивті аллелі міндettі түрде болады. Өйткені, тек осындағы жағдайда ғана біріншісі сая, ал екіншісі түсті ажырата алмайтын болады.

Есеп шартына байланысты біз, қос әженің генотиптерін анықтай алмаймыз, бірақ сая болғандықтан, оларда ең болмағанда X-хромосомамен тіркескен **D** генінің бір доминантты аллелі болады. Есеп шартына байланысты:

$$\text{♀ } X^D X^d \quad \text{♂ } X^D Y \\ \text{сая} \quad \text{сая}$$


$$\text{♀ } X^D X^d \quad \text{♂ } X^d Y \\ \text{сая} \quad \text{далтоник}$$

$$P: \quad \text{♂ } X^d Y \quad x \quad \text{♀ } X^d X^d \\ \text{сая} \quad \text{сая}$$

Жартылай қалпына келтірілген ата мен әже генотиптерін пайдалана отырып, әке мен шеше генотиптерін анықтаймыз. Әкесі фенотипті сая. Ендеше, оның X-хромасында тек қана **D** генінің доминантты аллелі болады. Оның генотипі - $X^D Y$. Есептің шарты бойынша шешесі сая және оның бір X-хромосомасында жарықты қабылдауды анықтайтын геннің доминантты аллелі болуы қажет. Бірақ, біздің билетініміздей ұрықтану кезінде әкесінің X-хромосомасы міндettі түрде қызға беріледі, сондықтан шешесінің екінші X-хромосомасында міндettі түрде **d** генінің рецессивті аллелі болады. Ендеше, шешесі сая, бірақ дальтонизмнің гетерозиготалы тасымалдаушысы болып табылады. Сонымен, есептің шешімі келесі түрге енеді:

$$\text{Шешімі: } \text{♀ } X^D X^d \quad x \quad \text{♂ } X^d Y$$

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы Бақылау өлшеуіш күралдары	46- 55 беттің 9 беті



Гамета: $\text{X}^D, \text{Y}; \quad \text{X}^D, \text{X}^d;$

Бұл жанұядағы балалардың мүмкін генотиптерін анықтау үшін Пеннет торын түзейміз:

♂ ♀	X^D	Y
X^D	$\text{X}^D \text{X}^D$	$\text{X}^D \text{Y}$
X^d	$\text{X}^D \text{X}^d$	$\text{X}^d \text{Y}$

Генотип бойынша ұрпақтардың ажырау мүмкіншілігі:

1 $\text{X}^D \text{X}^D : 1 \text{X}^D \text{X}^d : 1 \text{X}^D \text{Y} : 1 \text{X}^d \text{Y}$

Фенотипі: қыз қыз ұл ұл
сая сая сая аурұ

Фенотип бойынша белгілердің ажырауын талдау, бұл некеден туылған қыздардың барлығы сау екендігін көрсетіп тұр, ал ұл балалардың тен жартысы статистикалық тұрғыдан дальтоник болуы керек. Ендеше, жынысты ескер-мегенде, фенотип бойынша белгілердің ажырауы: 3(сая):1(аурұ)арақатынасын-даболады.

Жауап: бұл некеден дальтоник балалардың туылу мүмкіншілігі 25% құрайды.

2 ӨЗ БЕТИНШЕ ШЕШУГЕ АРНАЛҒАН ЕСЕПТЕР

77. Тіс эмалының гипоплазиясы (түйіршікті жіңішке тіс эмалі, тістің боз-қоңыр түсі) X-хромосомамен тіркескен доминантты белгі ретінде тұқым қуалайды. Атап-аналарының екеуі де аталмыш аномалиямен ауыратын жанұяда қалыпты тісті бала туылды.

Келесі баланың да қалыпты тіспен туылу мүмкіншілігін анықтаңдар?

****78.** Классикалық гемофилия X-хромосомамен тіркескен рецессивті тұқым қуалайтын белгі.

1. Гемофилиямен ауру ер адам, мұндай ауруы жоқ әйелге үйленеді. Бұл некеден сау ұл-қыздар туылып, олар сау адамдарға үйленеді.

Ұл-қыздарының жанұяларында, яғни, немерелерінде гемофилия ауруының пайда болу мүмкіншілігі қандай?

2. Гемофилиямен ауру ер адам, әкесі гемофилик, бірақ өзі сау әйелге үйленеді.

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы	46-
Бақылау өлшеуіш күралдары	55 беттін 10 беті

Бұл жанұяда сау балалардың туылу мүмкіншілігін анықтаңдар?

79. Түстіажырата алмау немесе дальтонизм гені X-хромосомамен тіркес-кен рецессивті белгі.

Әкесі дальтоник, өзінің көзі қалыпты қыз, әкесі дальтоник, өзінің көзі қалыпты ер адамға күйеуге шықты.

Бұл некеден туылған балалардан қандай көруді күтуге болады?

80. Ангидроздыэктомальдыдисплазия(тердің бөлінбеуі, жылуды рет-теудің бұзылуы), X-хромосомамен тіркескен рецессивті белгі ретінде тұқым қуалайды. Қалыпты әйел, ангидрозды эктомальды дисплазиямен ауру ер адамға күйеуге шығады. Олардан ауру қыз және сау ер бала туылады.

Келесі баланың сау болып туылу мүмкіншілігін анықтаңдар?

***81.** Гипертрихоз У-хромосомамен тіркескен белгі ретінде тұқым қуалайды. Әкесі осы аномалиямен сырқат жанұяда, ауру балалардың туылу мүмкін-шілігі қандай?

***82.** Әкесі көк көзді және дальтоник болған, ал өзі қара көзді және қалыпты көретін әйел, қалыпты көретін көк көзді ер адамға күйеуге шығады.

Мұндай некеден қандай үрпақты күтуге болады, егерде қара көздің гені аутосомды доминантты, дальтонизм рецессивті X-хромосомамен тіркескен тұқым қуалайтын белгі болса?

***83.** Тістің күңгірттенуі (қарауы) екі доминантты генмен анықталуы мүмкін, оның біреуі аутосомада, екіншісі X-хромосомада орналасқан. Атааналарының тістері қарайған жанұяда, тістері қалыпты ұл мен қыз туылған.

Бұл жанұяда келесі баланың тістері қалыпты болып туылу мүмкіншілігін анықтаңдар, егерде анасының тістерінің қарауы X-хромосомамен, ал әкесінің қара тістері – аутосомды генмен тіркескені, бірақ гетерозиготалы екендігі анықталған болса.

84. Агаммаглобулинемияның бір түрі аутосомды рецессивті, екіншісі X-хромосомамен тіркескен рецессивті тұқым қуалайтын белгі.

Анасы екі жұп ген бойынша гетерозиготалы, әкесі сау және талдаушы аллельдер бойынша тек доминантты гендері бар жанұяда ауру балалардың туылу мүмкіншілігін анықтаңдар.

****85.** Альбинизм аутосомды рецессивті генмен, ал гемофилия X-хромо-сомамен тіркескен рецессивті белгі ретінде тұқым қуалайды. Осы екі жұп белгі бойынша қалыпты ерлі зайнаптылар жанұясында, екі аномалиясы бар ұл бала дүниеге келді. Осы жанұядығы екінші ұл баланың екі аномалиямен туылу мүмкіншілігі қандай?

86. Керен, әрі дальтонизмнен азап шегуші ер адам, жақсы еститін және көзі қалыпты әйелге үйленді. Олардан керен, дальтоник ер бала және жақсы еститін, бірақ дальтоник қыз дүниеге келді. Екі белгі де рецессивті белгі ретінде тұқым

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы Бақылау өлшеуіш күралдары	46- 55 беттің 11 беті

қуалайды, бірақ дальтонизм Х-хромосомамен тіркескен, ал кереңділік аутосомды белгі. Осы жанұяда, екі аномалиямен қыз баланың туылу мүмкіншілігін анықтаңдар?

****87.** Гипертрихоз У-хромосома арқылы, ал полидактилия — доминантты аутосомды белгі түрінде беріледі. Әкесінде гипертрихоз, анасында полидактилиясы бар жанұяда, екі белгі бойынша қалыпты қыз дүниеге келді. Бұл жанұяда келесі баланың екі белгі бойынша қалыпты болу мүмкіншілігі қандай?

88. Гипертрихоз - тек 17 жасқа жеткен кезде білінетін, У-хромосомамен тіркескен тұқым қуалайтын белгі. Ихтиоздың бір түрі Х-хромосомамен тіркескен рецессивті тұқым қуалайтын белгі. Эйелі екі белгі бойынша қалыпты, күйеуінде тек қана гипертрихоз бар жанұяда, ихтиоздың белгісі бар ұл бала туылды.

1. Бұл балада гипертрихоздың біліну мүмкіншілігін анықтаңыздар.

2. Бұл жанұяда екі белгі бойынша қалыпты балалардың туылу мүмкіншілігін анықтаңыздар және олардың жынысы қандай болады.

89. Адамда рецессивті ген әрекетінен туындайтын тұқым қуалайтын аллергиялық геморрагиялық диатез ауруы бар. Бұл геннің аллельдері Х- және У-хромосомамен тіркескен. Төменде көрсетілген жанұяда қандай балалар болатынын анықтаңдар:

а) әйелі сау, күйеуі ауру;

б) әйелі сау, бірақ оның анасы геморрагиялық диатезben ауырған, күйеуі ауру.

90. Дальтоник (дальтонизм X-хромосомамен тіркескен рецессивті белгі) ер адам, қалыпты әйелге үйленген және олардың екі баласы бар; қалыпты қыз және дальтоник ер бала. Анасының генотипі қандай?

91. Жанұядағы әкесі мен баласы қара көзді гемофиликтер, анасы көк көзді және қаны қалыпты үйиды.

Баласы барлық белгілерді әкесінен алды деп айтуға болады ма?

92. Адамда катаракта мен полидактилия тығыз тіркескен доминантты генмен қамтамасыз етілген. Осыған қарамастан, тіркескен тек қана көрсетілген ақау гендері ғана емес. Мысалы, катаракта гені, қалыпты қол генімен тіркескен болуы болса, онда неліктен бұл ауру популяциядан жоқ болып кетпейді?

***95.** Пигментті ретинит (көру шегінің прогрессивті төмендеуі және көбінесе толық соқырлыққа әкелетін ақшам соқырлық) үш жолмен тұқым қуалайды: аутосомды доминантты, аутосомды рецессивті және Х-хромосома-мен тіркескен рецессивті белгі түрінде. Анасы пигментті ретинитпен ауыратын және үш жұп белгі бойынша гетерозиготалы, әкесі сау және үш жұп аутосомалы гендер бойынша гомозиготалы жанұядағы ауру балалардың туылу мүмкіншілігін анықтаңдар. Бірақ, пигментті ретинит гені Х- және У-хромосомамен тіркескен екендігі кейіннен анықталды, яғни осы хромосомалардың гомологты участеклерінде орналасқан.

ОНТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы Бақылау өлшеуіш куралдары	46- 55 беттің 12 беті

Әкесі сау және үш жұп ген бойын-ша гомозиготалы болған жағдайдағы есептің екінші нұсқасын шешіңіздер.

96. Акатализия - каталазаның ұлпа мен қанда азаюы немесе жоқ болуы, тістің түсуін және қызыл иекте жараның пайда болуын қамтамсыз етеді. Аутосомды рецессивті тұқым қуалайды. Жоғарғы күрек тістердің болмауы X-хромосомамен тірке斯ken рецессивті тұқым қуалайды.

Әйелі сау, күйеуінің күрек тістері жоқ жанұядан қыз туылып, ол қыздың он жасар қезінде қызыл иегінде жара пайда болды. Қанның биохимиялық анализі каталазаның төмендегенін көрсетті. Кіші баласының күрек тістері жоқ.

Осы жанұядың екі аномалиясы бар балалардың туылу мүмкіншілігін анықтаңдар?

***97.** Оңқай, қара көзді және қалыпты көретін әйел, оңқай, көк көзді және дальтоник ер адамға тұрмысқа шығады. Олардан көк көзді, солақай және дальтоник қыз туылды.

Егер, қара көздің және оңқайлыштың гені аутосомды доминантты бір-бірімен тіркеспеген, ал дальтонизм гені X-хромосомамен тірке斯ken рецес-сивті белгі болса, бұл жанұядың келесі баланың солақай және дальтоник болу мүмкіншілігі қандай?

Ауру балалардың көзінің түсі қандай болады?

4 -5 Тақырып. Хромосомалық аурулар. Туа біткен ақаулар.

Тест сұрақтарына жауап берініз.

- Х-хромосомамен тіркес тұқым қуалайтын ауру:
 А. |Клайнфельтер синдромы
 В. |Даун синдромы
 С. |Шерешевский-Тернер синдромы
 Д. |гемофилия, гипертрихоз, ихтиоз
 Е. |далтонизм, гемофилия
- У-хромосомамен тіркес тұқым қуалайтын ауру:
 А. |гипертрихоз, ихтиоз, саусақ аралық жарғақтардың болуы
 В. |гипертрихоз, Даун және Патау синдромы
 С. |Клайнфельтер, Патау, Даун синдромы
 Д. |ихтиоз, Эдвардс, Даун синдромы
 Е. |гемофилия, дальтонизм
- Жыныс хромосомалар санының өзгеруі салдарына байланысты тұқым қуалайтын аурулар:
 А. |гемофилия, Патау, Даун синдромдары
 В. |Даун, Эдвардс синдромы, гипертрихоз
 С. |Патау, Эдвардс синдромдары
 Д. |Клайнфельтер, Шерешевский-Тернер синдромдары, X-трисомиясы

ОҢТҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы	46-
Бақылау өлшеуіш күралдары	55 беттің 13 беті

E. |дальтонизм, ихтиоз

4. Аутосомалар санының өзгеруі салдарына байланысты тұқым қуалайтын аурулар:

A. |Даун, Патау синдромдары

B. |Патау, гемофилия

C. |Клайнфельтер, фенилкетонурия, альбинизм

D. |Даун, Патау синдромы, Х,УУУ-трисомиясы

E. |Тея-Сакс ауруы, Лежен, Эдвардс синдромы, дальтонизм

5. Акуыздардың алмасуының бұзылуына байланысты тұқым қуалайтын аурулар:

A. |гипертрихоз, алькаптонурия, Клайнфельтер

B. |гемофилия, фенилькетонурия, глюкогенездер

C. |тирозиноздар, Даун синдромы, альбинизм

D. |гемофилия, ихтиоз, Патау синдромы

E. |альбинизм, фенилькетонурия

6. Адамда жыныспен тіркес ... беріледі.

A. |көздің түсі

B. |қан тамыры

C. |далтонизм

D. |қант ауруы

E. |альбинизм

7. Адамда X-хромосомамен тіркес ... тұқым қуалайды.

A. |полидактилия

B. |гемофилия

C. |гипертрихоз

D. |көздің түсі

E. |альбинизм

8. Хромосомалық мутация салдарынан дамитын ауру, бұл ...

A. |«Мысықша мияулау» синдромы.

B. |гемофилия.

C. |далтонизм.

D. |алькаптонурия.

E. |ахондроплазия.

9. Адамда 5-хромосоманың қысқа иінінің делециясы салдарынан ... синдромы қалыптасады.

A. |Даун

B. |альбинизм

C. |алькаптонурия

D. |гемофилия

E. |Мысықша мияулау

10. Даун синдромымен ауырган адамдарда ... хромосома болады.

A. |2п+1

B. |2п-1

C. |3п+1

D. |1п

E. |2п+2

11. Патау синдромының пайда болуы ... хромосомаға байланысты.

A. |21

ОНДҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы Бақылау өлшеуіш күралдары	46- 55 беттің 14 беті

- B. |5
 C. |13
 D. |8
 E. |18

12. Талассемия (қаназдылықтың бір түрі) аутосомды-доминантты жолмен тұқым қуалайды және екі формада байқалады жеңіл (Aa) және ауыр (AA). Осы аурудың жеңіл формада байқалуын геннің ... қасиеті арқылы түсіндіруге болады.

- A. |аса жоғары доминаттылық
 B. |толық доминаттылық
 C. |кодоминаттылық
 D. |толымсыз доминаттылық
 E. |плейотропия

13. Эдвардс синдромының дамуы ... хромосома трисомиясына байланысты.

- A. |18
 B. |3
 C. |21
 D. |5
 E. |14

14. Клайнфельтер синдромы бар адам кариотипі ... хромосоманы құрайды.

- A. |46
 B. |45
 C. |23
 D. |44
 E. |47

15. Моносомияларға ... генотиптері тән.

- A. |XX,XY
 B. |XXX,XXY
 C. |XO,YO
 D. |XXO,XYO
 E. |XXXX,XYYU

16. Шерешевский Тернер синдромының кариотипінде ... хромосома бар.

- A. |44
 B. |45
 C. |46
 D. |27
 E. |48

17. Хромосома құрылышының өзгеруі салдарынан дамитын тұқым қуалайтын ауру, бұл ...

- A. |Шерешевский – Тернер синдромы.
 B. |Кланфельтер синдромы.
 C. |гемофилия.
 D. |«мысықша мияулау» синдромы.
 E. |Х-тризомия.

18. Фенилкетонурия ауруы кезінде ... алмасуы бұзылады.

- A. |аминқышқылдың
 B. |майлар

ОНДҮСТИК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Биология және биохимия кафедрасы Бақылау өлшеуіш күралдары	46- 55 беттің 15 беті

- C. |глюкоза
 D. |минералдар
 E. |нуклейн қышқылдары
 19. Инбридинг, бұл - ...
 A. |айқас тозандану немесе ұрықтану.
 B. |кездейсоқ будандастыру, панмиксия.
 C. |гомозиготалықты көтеретін туыстық некелесу.
 D. |еркін будандастыру, панмиксия.
 E. |гибридизациялау.
 20. Сибс деп, шежіре құрастырудығы ... белгілейді.
 A. |шежіре құрастыруға себепші адамды
 B. |пробандты
 C. |пробандтың ата-әжелерін
 D. |пробандтың туыстарыны
